

"Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 962 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 85-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасы (бұдан әрі – ұлттық жоба) бекітілсін.

2. Ұлттық жобаны іске асыруға жауапты орталық, жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі шаралар қабылдасын;

2) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысында белгіленген тәртіппен және мерзімде ұлттық жобаның орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Облыс әкімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) ұлттық жобаның жергілікті бюджет қаражаты есебінен көзделген іс-шараларын қаржыландыруды;

2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) обьектілерін салуға жобалау-сметалық құжаттама (оның ішінде қайта қолдануды) әзірлеуді;

3) көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды күрделі жөндеуге және реконструкциялауға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуді;

4) МСАК обьектілерін салу үшін қажетті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы бар жер участкерлерін уақтылы бөлуді, сондай-ақ қазақстандық қамтуды кемінде 80 % қамтамасыз ете отырып, денсаулық сақтау обьектілерін салуға тапсырыс берушілер ретінде қатысады;

5) барлық медициналық обьектілердің пайдалануға берілгеннен кейін жұмыс істейі және сапалы қызмет көрсетуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

1) ұлттық жобаны үйлестіруді, мониторингілеуді және әдіснамалық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін;

2) ұлттық жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін үш жыл бойы жыл сайын желтоқсанға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне пайдалануға берілген денсаулық сақтау обьектілерінің жұмысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайилов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 962 қаулысымен
бекітілген

"АУЫЛДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ" ПИЛОТТЫҚ ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ

Ескерту. Ұлттық жоба жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.09.2023 № 823 қаулысымен.

1-бөлім. Паспорт

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.03.2024 № 221 қаулысымен.

1.	Атауы	"Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасы
2.	Ұлттық жобаны әзірлеу үшін негіз	Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 1008 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 42-тармағы
3.	Ұлттық жобаны әзірлеушінің атауы	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
4.	Іске асыру мерзімі	2023 – 2025 жылдар
5.	Ұлттық жобаның мақсаты	Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету деңгейін көтеру
		1. Ауылдық елді мекендерді нормативтерге сәйкес медициналық көмекпен 100 % қамтамасыз ету 2. 4 млн астам ауыл тұрғынның қосымша мамандандырылған медициналық көмекпен қамтамасыз ету 3. Инфаркт, инсульт, жарақат және басқа да жағдайлар кезінде ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмекті уақтылы көрсету үшін "алтын уақыт" қағидатын сақтау

6.	2026 жылға қарай құтілетін нәтижелер	<p>4. Қан айналым жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімді 20 %-га төмендету (2021 жылғы деңгейден – 100 мын тұрғынға шаққанда 163,7)</p> <p>5. Ауылдық елді мекендерді медицина кадрларымен қамтамасыз ету деңгейі – 85 % (2021 жылғы көрсеткіш – 76 %)</p> <p>6. 13741 жұмыс орнын құру, онын ішінде: тұрақты – 1100 бірлік (медицина персоналы), уақытша – 12641 адам (құрылыш-монтаждау жұмыстары кезеңіне)</p>
7.	Ұлттық жобаны іске асыруға қажетті қаржыландыру көлемі	Республикалық бюджет пен жеке инвестициялар есебінен 217,7 млрд теңге
8.	Ұлттық жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың атаулары	Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау министрлігі (бұдан әрі – ДСМ), Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – Қаржымині), облыстардың әкімдіктері
9.	Ұлттық жобаның жетекшісі, ұлттық жобаның кураторы	<p>А. Гиният – Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау министрі;</p> <p>Т.Б. Дүйсенова – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары</p>
10.	Ұлттық жобаның ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалар	<p>1. Ауылдық елді мекендерде медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектілерін пайдалануға беру жоспары.</p> <p>2. Объектілердің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге арналған жобалау тапсырмасы.</p> <p>3. Көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту жөніндегі жоспар.</p> <p>4. "Ауылда денсаулық сактауды жаңғырту" ұлттық жобасы шеңберінде мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (бұдан әрі – МЖӘ) іске асырудың базалық параметрлері.</p>

2-бөлім. Ағымдағы жағдай

Денсаулық сақтау саласында халықтың, оның ішінде ауыл тұрғындары денсаулығының кейбір көрсеткіштері проблемалы болып қалуда – бұл қан айналымы жүйесі: жіті миокард инфарктінен, инсульттерден; тыныс алу органдарының ауруларынан қайтыс болудың көптігі. Сондай-ақ жарақаттан қайтыс болудың өсуі байқалады.

Қазіргі уақытта ауылда халықтың 41 %-ы немесе 7,8 млн астам тұрғын тұрады, олар үшін қолжетімді және сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету мәселелері маңызды.

Ауыл тұрғындарына медициналық көмек 5397 медициналық үйімда, оның ішінде 2895 медициналық пунктте, 790 фельдшерлік-акушерлік пунктте, 1282 дәрігерлік амбулаторияда, 227 емханада және 203 ауруханада көрсетіледі.

Шалғайдағы ауыл тұрғындарына медициналық көмектің қолжетімділігін жақсарту үшін көлік медицинасы жұмыс істейді. Шалғайдағы ауылдардың 1 млн астам тұрғынына көшпелі медициналық кешендердің күшімен медициналық көмек, консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсетіледі және скринингтік зерттеулер жасалады.

Сонымен қатар денсаулық сақтау саласы реформаланған жылдарда ауылдарда ауруханалар оңтайландырылып, жатын орындар мен медицина жұмыскерлерінің саны қысқарды.

Бұл ретте 228 ауылдық елді мекенде медициналық объектілердің жеке ғимараттары жоқ, медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) үйімдарының медициналық инфрақұрылымының 50 %-дан астамы тозған.

Жұмыс істеп тұрған аудандық ауруханалар инфаркт, инсульт, жарақат және басқа да жағдайлар кезінде "алтын уақыт" қағидатын сақтай отырып шұғыл медициналық көмекті, сондай-ақ ірі қалаларға бару қажеттілігінсіз мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмекті толыққанды көрсете алмайды.

Ауылдағы медициналық көмектің сапасын жақсарту үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімі мақұлдаған МСАК-тың "адамға бағдарланған тәсіл" озық практикаларының жобалары ендірілуде.

Пациентті қолдау қызметі, хабардар етілген қоғамдық мониторинг және халықпен кері байланыс тетігі, инфекциялық емес ауруларды ерте анықтау, ауруларды басқару бағдарламалары, дұрыс тамақтануға, саламатты өмір салтына үйрету, патронаждың әмбебап прогрессивті моделі, отбасын жоспарлау, ерлер денсаулығын жақсарту, баланы дамыту кабинеті сияқты үздік практикалар бүгінде Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында, Жамбыл облысының Меркі және Жамбыл аудандарында сәтті ендірілуде. Аталған жұмыс ел өнірлеріне кезең-кезеңімен таралуда.

Мейіргерлік қабылдау функциялары кеңейтілді – мейіргер созылмалы сырқатқа шалдықкан науқастарға динамикалық байқау жүргізеді.

Сонымен қатар ауылдық жерлерде динамикалық байқау сапасының, консультациялық-диагностикалық қызметтер мен дәрі-дәрмектерге қолжетімділіктің жеткіліксіз екені байқалады. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындары денсаулығының кейір көрсеткіштеріне теріс әсер етеді.

Ауылда денсаулық сақтау саласында 67 мыңдан астам медицина жұмыскері, оның ішінде 13 мыңдан астам дәрігер, 54 мың орта медицина жұмыскері жұмыс істейді. Бүгінгі таңда 1 мыңға жуық маман қажет.

Қазақстан Республикасының медициналық білім беру және ғылым ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған тұлектерді/жас мамандарды және философия докторларын (PhD) дербес бөлу жөніндегі ДСМ комиссиясы тұлектердің 24 %-ын (1872-нің 444-і), 2021 жылы – бөлінгендердің жалпы санының 21 %-ын (3050-дің 630-ы),

2020 жылы – 33 %-ын (2326-ның 775-і) ауылдық жерге жұмысқа орналастыруға бөлді.

3-бөлім. Ұлттық жобаның мақсаты мен міндеттері

Ескеrtу. 3-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.03.2024 № 221 қаулысымен.

Ұлттық жобаның мақсаты. Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету деңгейін көтеру

Койылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешілетін болады.

1-міндет. Ауылдық елді мекендерді нормативтерге сәйкес МСАК ұйымдарымен қамтамасыз ету.

2023 – 2024 жылдары 655 МСАК объектісі, оның ішінде жеке инвестициялар есебінен салынып, пайдалануға беріледі, олардың 260-сы медициналық пункт (бұдан әрі – МП), сондай-ақ халық саны 50-ден 200 адамға дейінгі елді мекендер үшін жалпы ауданы 70 шаршы метрден аспайтын және құрамы мынадай ең аз негізгі үй-жайлардан тұратын медициналық пункттер: орта медицина персоналының кабинеті, емшара кабинеті, шаруашылық-тұрмыстық үй-жай, 235 фельдшерлік-акушерлік пункт (бұдан әрі – ФАП), 160 дәрігерлік амбулатория (бұдан әрі – Да) салынатын болады.

Бұл ретте аталған объектілер белгіленгеннен төмен емес стандарттарға сәйкес келетін заманауи жабдықтармен жарақтандырылады, сондай-ақ бірінғай шешімдегі қасбет дизайны пайдаланылатын болады.

Жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін бастапқы деректерді (геологиялық іздестіру, топографиялық түсірілім, техникалық шарттар және тағы басқа) бере отырып, МСАК ғимараттары салынатын жер участкерін бөлетін болады, сондай-ақ МСАК объектілеріне сыртқы инженерлік желілер (электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау, Интернет және тағы басқа) тартылады.

"Turar Healthcare" коммерциялық емес акционерлік қоғамы МСАК объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын, оның ішінде қайта қолданылатын жобаларды

қолдана отырып, бірыңғай жобалаушы болады, сондай-ақ объектілерді жобалау мен салудың барлық кезеңдерінде мониторинг жүргізеді.

Ауылдық елді мекендерді МСАК көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз ету "Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" ұлттық жобасына 4-қосымшада айқындалған базалық параметрлерге сәйкес МЖӘ шарттары шенберінде жүзеге асырылуы мүмкін.

МЖӘ шарттары шенберінде жекеше әріптестің МСАК көрсетілетін қызметтерін МСАК жеке объектісін немесе МСАК объектілерінің желісін құру және оларды нысаналы мақсатына сәйкес кейіннен пайдалану арқылы қамтамасыз етуі көзделген.

2-міндет. Ауыл тұрғындарына уақытылы шұғыл медициналық көмек көрсетуді ұлғайту.

Қолданыстағы 12 көпбейінді орталық аудандық аурухана (бұдан әрі – КОАА) жетіспейтін медициналық жабдықтармен (КТ, МРТ, ангиограф, сараптамалық сыныптағы УДЗ аппараты, реанимация, операция бөлімшелеріне арналған жабдықтар және т.б.) жарақтандырылып, көрсетілетін медициналық қызметтердің (мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек) спектрін кеңейту үшін жағдай жасалатын болады.

Қолданыстағы 20 орталық аудандық аурухана КОАА болып қайта құрылады және тиісті бөлімшелер ашу үшін ғимараттарға құрделі жөндеу жүргізу, реконструкциялау, жапсарлас құрылыстарды салу, медициналық жабдықтармен (КТ, МРТ, ангиографтар, сараптамалық сыныптағы УДЗ аппараттары, реанимация, операция бөлімшелеріне арналған жабдықтар және т.б.) жарақтандыру арқылы жаңғыртылатын болады.

КОАА-да:

инсульт және кардиология орталықтары;
медициналық оңалту бөлімшесі;
травматология және ортопедия бөлімшесі;
хирургия бөлімшесі;
реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі және т.б. ашылады.

КОАА бірнеше елді мекеннің, оның ішінде көрші аудандардың аумағында орналасқан елді мекендердің тұрғындарына қызмет көрсетеді. Бұл ретте триаж жүйесі бар қабылдау бөлімшелерінің, қасбеттің және т.б. бірыңғай дизайны тұжырымдамасы пайдаланылады.

3-міндет. Ауылдағы денсаулық сақтау объектілерін медицина кадрларымен қамтамасыз ету.

Жүргізілген талдаудың қорытындысы бойынша 655 МСАК объектісі үшін бейінді мамандар қажеттілігі 307 бірлікті құрады (54 жалпы практика дәрігері, 83 орта медицина қызметкері, 78 фельдшер, 92 акушер).

Білім беру үйімдарында "жалпы практика дәрігері" мамандығы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысымен жыл сайынғы қабылдау 2200-ден астам

тындаушыны құрайды. Бұл ретте көрсетілген мамандарды шығару жыл сайын 2700 адамды құрайды (ЖАО гранттары мен ақылы оқуды қоса алғанда).

Орта медицина персоналы мен фельдшерлерді даярлау 61 медицина колледжінде жүргізіледі. 2022 – 2024 жылдар аралығында барлығы 16570 мейіргер мен 17585 фельдшер даярланатын болады.

32 КОАА-да қосымша кадрлық ресурстардың қажеттілігі 793 штаттық бірлікті құрайды (дәрігерлер – 544, орта медицина қызметкерлері – 249 штаттық бірлік).

Бұл ретте мынадай мамандықтар бойынша мамандардың жетіспеушілігі байқалады: неврология, ангиохирургия, нейрохирургия, анестезиология және реаниматология, радиология, травматология-ортопедия, акушерлік және гинекология, неонатология, балалар хирургиясы, инфекциялық аурулар, терапия, жалпы хирургия, кардиохирургия, кардиология, кезек күттірмейтін медицина, оториноларингология.

Еліміздің 7 медицина университетінде 16 бейінді мамандық бойынша (неврология, ангиохирургия, нейрохирургия, радиология (сәулелік диагностика), кардиохирургия, оториноларингология және т.б.) КОАА үшін мамандарды даярлау бойынша есеп-қисаптар жүргізілді. 2022 – 2024 жылдар аралығында барлығы 2843 бейінді мамандаярланады.

Сондай-ақ резидентурада бейінді мамандарды даярлауға бөлінетін гранттар санын ұлғайту жоспарлануда: 2023 жылы – 1700 орын, 2024 жылы – 1800 орын, 2025 жылы – 2000 орын.

Бұдан басқа, мамандарды тарту және тұрақтандыру үшін медициналық ұйымдар қызметкерлері жалақысының мөлшерін кезең-кезеңімен көтеруді, тұрғын үймен қамтамасыз етуді, медицина кадрларының үздіксіз кәсіби дамуы үшін жағдай жасауды, дәрігердің өзіне тән емес бірқатар функцияларын беру арқылы орта медицина қызметкерінің мәртебесін қүшеттүді, "тәлімгерлік институтын" ендіруді, медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыруды қоса алғанда, шаралар кешені көзделген.

ЖАО кадрларды тарту мақсатында өз қарожаты есебінен қосымша көтерме жәрдемақы беруді көздейді, тұрғын үй, жатақхана салуды жүзеге асыруда, жалға берілетін тұрғын үй және басқа шаралар ұсынады.

"Дипломмен ауылға" бағдарламасы бойынша ауылдық жерге жұмыс істеуге келген жас мамандарға республикалық бюджет шеңберінде 100 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде көтерме жәрдемақы төлеу және тұрғын үй сатып алуға республикалық бюджеттен 1500 АЕК мөлшерінде кредит беру көзделген.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде 655 МСАК объектісі және 32 КОАА қажетті медицина кадрларымен қамтамасыз етіледі.

4-бөлім. Ұлттық жобаны іске асырудың жоспар-кестесі

Ескерту. 4-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.03.2024 № 221 қаулысымен.

Атауы	Аяқтау нысаны	Іске асыру мерзімі	Қаржыландыру көзі	Жауапты орындаушылар
Мақсаты. Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету деңгейін көтеру 1-міндет. Ауылдық елді мекендерді нормативтерге сәйкес МСАК ұйымдарымен қамтамасыз ету 1-көрсеткіш. 655 МСАК объектісін пайдалануға беру (2023 – 2024 жылдар).				

кестенің жалғасы

1-іс-шара. "Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" pilotтық ұлттық жобасын іске асыру шенберінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алынатын заңды тұлғаларды айқындау мәселесін карау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	2023 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	ДСМ
2-іс-шара. 655 МСАК объектісін салу үшін жер учаскелерін бөлу	ти істі әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің шешімі	2023 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	ти істі әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
3-іс-шара. ЖАО-дан бастапқы деректерді алу	техникалық құжаттама	2023 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	ти істі әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
4-іс-шара. 3 МСАК объектісінің (МП, ФАП, Да) жобалау-сметалық құжаттамасын өзірлеу	жобалау-сметалық құжаттама	2023 жылғы 1-тоқсан	жергілікті бюджет	ДСМ, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО, "Turar Healthcare" KeAK (келісу бойынша)
5-іс-шара. МСАК объектілерінің 3 түрінің (МП, ФАП, Да) жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу, оң корытындылар алу	сараптаманың оң корытындылары	2023 жылғы 1-тоқсан	жергілікті бюджет	ДСМ, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО, "Turar Healthcare" KeAK (келісу бойынша)
6-іс-шара. Жобаларды қайта қолдану үшін байланыстыруға ЖАО-мен бір		2023 жылғы		

көзден алу тәсілімен жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу	мемлекеттік сатып алу туралы шарттар	1-тоқсан	талап етілмейді	тисті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
7-іс-шара. Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік күжаттарына сәйкес қайта қолдану жобаларын байланыстыру (бейімдеу)	елді мекенге байланыстырылған жобалау-сметалық күжаттама	2023 жылғы 2-тоқсан	жергілікті бюджет	тисті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО, ДСМ, "Turar Healthcare" KeAK (келісу бойынша)
8-іс-шара. Жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу, оң қорытындылар алу	сараптаманың оң қорытындысы	2023 жылғы 2-тоқсан	жергілікті бюджет	ДСМ, тиисті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО, "Turar Healthcare" KeAK (келісу бойынша)
9-іс-шара. М С А К объектілеріне дейін сыртқы инженерлік желілердің жобаларына тапсырыс беру, сараптаманың оң қорытындысын алу	техникалық күжаттама	2023 жылғы 3-тоқсан	жергілікті бюджет	тисті әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
10-іс-шара. "Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" pilotтық ұлттық жобасы шенберінде іске асырылатын медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектілерін (МП, ФАП, Да) салуға арналған шығыстары респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын объектілер тізбесіне енгізу бөлігінде "Нысаналы даму трансфертерін карау және іріктеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бүйрекі	2023 жылғы 1-тоқсан		Қаржымині

Республикасы Каржы министрінің 2015 жылғы 25 ақпандасы № 126 бұйрығына өзгерістер енгізу			талап етілмейді	
11-іс-шара. ДСМ-га бюджеттік өтінімдер енгізу	бюджеттік өтінімдер	2023 жылғы 1, 3-тоқсан, 2024 жылғы 1, 3- тоқсан	талап етілмейді	ти ı с t i әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
12-іс-шара. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу және кұрылым-монтаждау жұмыстарына, техникалық және авторлық қадағалау қызметтеріне шарттар жасасу, сондай-ақ МЖӘ шарттарын жасасуға арналған рәсімдерді өткізу	шарттар жасасу	2023 жылғы 2- тоқсан – 2024 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	ти ı с t i әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
13-іс-шара. Кұрылым-монтажда у жұмыстарын жүргізу, МЖӘ жобаларын іске асыру	кұрылыштың басталғаны туралы хабарлама	2023 жылғы 3- тоқсан – 2024 жылғы 4-тоқсан	республикалық және жергілікті бюджеттер, жеке инвестициялар	ти ı с t i әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО, ДСМ
14-іс-шара. М С А К объектілеріне дейін сыртқы инженерлік желілерді тарту	ДСМ-га ақпарат	2023 жылғы 4- тоқсан – 2024 жылғы 4- тоқсан	жергілікті бюджет	ти ı с t i әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
15-іс-шара. Объектілерді пайдалануға беру, денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өнірлік перспективалық жоспарларына енгізу	объектіні пайдалануға қабылдау актілері	2023 жылғы 4- тоқсан – 2024 жылғы 4- тоқсан	талап етілмейді	ти ı с t i әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
16-іс-шара. Е л о р д а емханасының базасында МСАК-тың үздік практикалары	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	2023 жылғы 1-тоқсан		ДСМ

орталығын ұйымдастыру мәселесін пысықтау			талап етілмейді	
17-іс-шара. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына МЖӘ шенберінде іске асырылатын денсаулық сақтау субъектілерімен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шенберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде жасалатын, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарының колданылу мерзімін ұзарту (5 жылдан 20 жылға дейін) белгінде өзгерістер енгізу	ДСМ бұйрығы	2024 жылғы 2- тоқсан	талап етілмейді	ДСМ
18-іс-шара.				

MЖӘ-нің үлгілік конкурстық құжаттамалары мен үлгілік шарттарын қоса алғанда, салаларды (аяны), үлттық жобаларды д а м ы т у тұжырымдамалары шенберінде жекеше әріптесті айқындау және МЖӘ шартын жасасу тәртібін әзірлеу және бекіту	ДСМ бұйрығы	2024 жылғы 2- тоқсан	talap etіlmейді	ДСМ
--	-------------	----------------------	-----------------	-----

2-міндет: Ауыл тұрғындарына уақтылы шұғыл медициналық көмек көрсетуді арттыру

1-көрсеткіш. Жаңғыртылған 32 КОАА пайдалануға беру (2024 жылы – 7, 2025 жылы – 25)

1-іс-шара. КОАА-ның жұмыс істеп тұрған ғимараттары мен құрылыштарына техникалық зерттең-қаруа жүргізу (акау актісін ұсынумен)	техникалық қорытынды	2023 жылғы 1- тоқсан	1- жергілікті бюджет	ти істі әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
2-іс-шара. Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге бастапқы деректерді алу	техникалық құжаттама	2023 жылғы 1- тоқсан	talap etіlmейді	ти істі әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
3-іс-шара. Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу	жобалау-сметалық құжаттама	2023 жылғы 1- тоқсан	1- жергілікті бюджет	ти істі әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО, жобалаушы
4-іс-шара. Жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу, оң қорытынды алу	сараптаманың оң қорытындысы	2023 жылғы 2- тоқсан	2- жергілікті бюджет	ти істі әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
5-іс-шара. ДСМ-га бюджеттік етінімдер енгізу	бюджеттік етінімдер	2023 жылғы 2- тоқсан	talap etіlmейді	ти істі әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО

6-іс-шара.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу және күрылым-монтаждау жұмыстарына, техникалық және авторлық қадағалау қызметтеріне шарттар жасасу

шарттар жасасу

2023 жылғы 3-
тоқсан

тарап етілмейді

					әкімшілік-аумактық бірліктің ЖАО
7-іс-шара. Құрылыш-монтаждау жүмыстарын жүргізу	құрылыштың басталғаны туралы хабарлама	2023 жылғы тоқсан – 2024 жылғы тоқсан	3- және 4- жергілікті бюджеттер	республикалық бюджеттер	т і с т і әкімшілік-аумактық бірліктің ЖАО, ДСМ
8-іс-шара. Жұмыс істеп тұрған 12 КОАА-ға медициналық жабдықтарды сатып алу және жеткізу	сатып алу шарттары	2023 жылғы тоқсан – 2024 жылғы тоқсан	3- республикалық бюджет	4- республикалық бюджет	Д С М , "СҚ-Фармация" ЖШС (келісу бойынша)
9-іс-шара. Жаңа 20 КОАА-ға медициналық жабдықтарды сатып алу және жеткізу	сатып алу шарттары	2023 жылғы тоқсан – 2025 жылғы тоқсан	3- республикалық бюджет	4- республикалық бюджет	Д С М , "СҚ-Фармация" ЖШС (келісу бойынша)
10-іс-шара. Объектілерді пайдалануға беру	объектіні пайдалануға қабылдау актісі	2024 жылғы тоқсан – 2025 жылғы тоқсан	4- талап етілмейді	4- талап етілмейді	т і с т і әкімшілік-аумактық бірліктің ЖАО, ДСМ

3-міндет. Ауылдағы денсаулық сақтау объектілерін медицина кадрларымен қамтамасыз ету

1-көрсеткіш. Ұлттық жобаны іске асыру шенберінде медициналық объектілер үшін 1100 медицина қызметкерін даярлау (2023 жылы – 600 адам, 2024 жылы – 500 адам)

1-іс-шара. "Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" pilotтық ұлттық жобасы шенберінде ауылдағы денсаулық сақтау объектілерінің медицина кадрларымен қамтамасыз етілуін талдау	ДСМ-га талдамалық ақпарат	2023 – 2024 жылдардағы 1-тоқсан	талап етілмейді	т і с т і әкімшілік-аумактық бірліктің ЖАО
2-іс-шара. Денсаулық сақтаудағы үздік практикалар қағидаттарын ескере отырып, МСАК мамандары үшін біліктілікті арттыру бағдарламаларын езектілендіру	ДСМ-га ақпарат	2023 – 2024 жылдардағы 2-тоқсан	талап етілмейді	бейінді ЖОО-лар, жоғары медицина колледжі (келісу бойынша)
3-іс-шара. МСАК ұйымдары мамандарының практикалық	ДСМ-га ақпарат	2023 – 2024 жылдардағы	талап етілмейді	

дағдылары мен құзыреттерін жетілдіру		4-тоқсан		т и і с т і әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
4-іс-шара. Өнірдің қажеттілігіне сәйкес ауылда денсаулық сақтаудың бейінді мамандарын даярлауға ЖАО каражаты есебінен білім беру гранттарын бөлу	әкімнің қаулысы және (немесе) мәслихаттың шешімі	2023 – 2025 жылдардағы 1 – 2-тоқсан	жергілікті бюджет	т и і с т і әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
5-іс-шара. Дәрігердің өзіне тән емес бірқатар функцияларын беру арқылы орта медицина қызметкерінің мәртебесін күшейту , "тәлімгерлік институтын" ендіру	ДСМ-ға ақпарат	2023 жылғы 2, 4-тоқсан, 2024 жылғы 2, 4-тоқсан	талап етілмейді	т и і с т і әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО
6-іс-шара. Медицина қызметкерлерін ынталандыру және әлеуметтік қолдау шараларын көрсету (тұрғын үймен қамтамасыз ету, женеңдікті кредит беру, көтерме жәрдемақы беру, қызметтік автокөлік және басқа да әлеуметтік женеңдіктер беру)	әкімнің қаулысы және (немесе) мәслихаттың шешімі	2023 – 2025 жылдар	жергілікті бюджет	т и і с т і әкімшілік-аумақтық бірліктің ЖАО

7-іс-шара.
Медицина
қызметкерлерін
ынталандыру және
әлеуметтік қолдау
шараларын
мониторингтеу (
тұрғын үймен
қамтамасыз етілуі, ДСМ-га ақпарат
жеңілдікті
кредиттің, көтерме
жәрдемақының,
қызметтік
автокөліктің және
басқа да әлеуметтік
жеңілдіктердің
берілуі)

2023 – 2025
жылдардағы
4-тоқсан

тарап етілмейді

Ескертпе:

* республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстардың көлемі бюджет заңнамасына сәйкес жобалау-сметалық құжаттаманың дайын болуы нәтижелері бойынша тиісті жоспарлы кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және нақтылау кезінде нақтыланатын болады.

"Ауылда денсаулық сақтауды
жанғыру" ұлттық жобасына
1-қосымша

2023 – 2024 жылдар кезеңінде ауылдық елді мекендерде медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектілерін (МП, ФАП, Да) пайдалануга беру жоспары

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.03.2024 № 221 қаулысымен.

P/c	Елді мекен	Жаңа/орнына	Медициналық	Саны
№	2	3	4	5
1. Ақмола облысы				
1	Аккөл ауданы Қына ауылы	орнына салынады	ФАП	1
2	Аккөл ауданы Урюпин ауылы	орнына салынады	ФАП	1
3	Ақкөл ауданы Новорыбин ауылы	орнына салынады	ДА	1
4	Бұланды ауданы Новобратьевск ауылы	жана	ФАП	1
5	Егіндікөл ауданы Бауман ауылы	жана	ФАП	1
6	Целиноград ауданы Раздольное ауылы	жана	МП	1
7	Целиноград ауданы Арайлы ауылы (Максимовка)	жана	ДА	1
8	Целиноград ауданы Төңкеріс ауылы	жана	ФАП	1
9	Целиноград ауданы Оразақ ауылы	жана	ДА	1
10	Целиноград ауданы Өтеміс ауылы	жана	ФАП	1
11	Целиноград ауданы Жалғызқұдық ауылы	орнына салынады	ДА	1
12	Целиноград ауданы Нұресіл ауылы	жана	ДА	1

13	Целиноград ауданы Приречный ауылы	жана	ФАП	1
14	Целиноград ауданы Қараменді батыр ауылы	жана	ФАП	1
15	Целиноград ауданы Мәншүк ауылы	жана	ФАП	1
16	Шортанды ауданы Ключи ауылы	жана	ФАП	1
17	Атбасар ауданы Сергеевка ауылы	орнына салынады	ФАП	1
18	Есіл ауданы Свободный ауылы	орнына салынады	ДА	1
19	Жарқайың ауданы Пятигорск ауылы	орнына салынады	ДА	1
20	Аршалы ауданы Арнасай ауылы	жана	ДА	1
21	Астрахан ауданы Старый Колутон ауылы	жана	ДА	1
22	Бұландау ауданы Партизанка ауылы	жана	ФАП	1
23	Бұландау ауданы Алтынды ауылы	орнына салынады	ФАП	1
24	Біржан сал ауданы Андықожа батыр ауылы	жана	ФАП	1
25	Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылы	орнына салынады	ДА	1
26	Есіл ауданы Ақсай ауылы	жана	ДА	1
27	Жақсы ауданы Киров ауылы	жана	ФАП	1
28	Зерендей ауданы Айдабол ауылы	жана	ДА	1
29	Зерендей ауданы Мәлік Фабдулин ауылы	жана	ФАП	1
30	Целиноград ауданы Жаңаесіл ауылы (Новоишімка)	жана	ДА	1
31	Целиноград ауданы Жаңа Жайнақ ауылы	жана	ФАП	1
32	Целиноград ауданы Р. Қошқарбаев ауылы	жана	ФАП	1

33	Целиноград ауданы Ыңтымақ ауылы (Фарфоровое)	жана	МП	1
34	Целиноград ауданы Жарлықөл ауылы	орнына салынады	ФАП	1
35	Целиноград ауданы Шалқар ауылы	жана	МП	1
36	Шортанды ауданы Пригородный ауылы	жана	ФАП	1
37	Шортанды ауданы Новокубанка ауылы	жана	ДА	1
38	Шортанды ауданы Төңкөріс ауылы	жана	ФАП	1
2. Ақтөбе облысы	29			
1	Ыргыз ауданы Нұра ауылы	орнына салынады	ФАП	1
2	Мәртек ауданы Байторысай ауылы	орнына салынады	МП	1
3	Байганин ауданы Қосарал ауылы	жана	МП	1
4	Байганин ауданы Көкбұлақ ауылы	жана	МП	1
5	Байганин ауданы Қаражар ауылы	жана	МП	1
6	Байганин ауданы Қорашы ауылы	жана	МП	1
7	Мұғалжар ауданы Бұлакты ауылы	жана	МП	1
8	Шалқар ауданы Қаратоғай ауылы	жана	МП	1
9	Мәртек ауданы Аққайың ауылы	жана	МП	1
10	Мұғалжар ауданы Мұғалжар станциясы	жана	ДА	1
11	Мұғалжар ауданы Қожасай ауылы	жана	МП	1
12	Шалқар ауданы Шоқысу ауылы	жана	МП	1
13	Байганин ауданы Кемерші ауылы	орнына салынады	ДА	1
14	Хромтау ауданы Акқұдық ауылы	жана	МП	1
15	Хромтау ауданы Тасөткел ауылы	жана	МП	1

16	Алға ауданы Тоқмансай ауылы	жана	МП	1
17	Алға ауданы Қарабұлақ ауылы	орнына салынады	МП	1
18	Алға ауданы Маржанбұлақ ауылы	орнына салынады	ДА	1
19	Мұғалжар ауданы Қайынды ауылы	жана	ДА	1
20	Шалқар ауданы Сарысай ауылы	жана	МП	1
21	Шалқар ауданы Тогыз ауылы	орнына салынады	МП	1
22	Байганин ауданы Ноғайты ауылы	орнына салынады	ФАП	1
23	Мұғалжар ауданы Сага ауылы	жана	МП	1
24	Мұғалжар ауданы Бірлік ауылы	орнына салынады	ФАП	1
25	Мұғалжар ауданы Жарық ауылы	жана	МП	1
26	Үрғыз ауданы Жарма ауылы	жана	МП	1
27	Темір ауданы Алтықарасу ауылы	орнына салынады	ДА	1
28	Қобда ауданы Бегәлі ауылы	орнына салынады	МП	1
29	Темір ауданы Ақсай ауылы	жана	ФАП	1

3. Алматы облысы

38

1	Балқаш ауданы Көкжиде ауылы	жана	ФАП	1
2	Балқаш ауданы Қарой ауылы	орнына салынады	ДА	1
3	Ұйғыр ауданы Кіші Диқан ауылы	орнына салынады	ДА	1
4	Ұйғыр ауданы Ават ауылы	орнына салынады	ДА	1
5	Ұйғыр ауданы Ақтам ауылы	орнына салынады	ДА	1
6	Жамбыл ауданы Айдарлы ауылы	орнына салынады	ДА	1
7	Жамбыл ауданы Ашысу ауылы	орнына салынады	ФАП	1
8	Жамбыл ауданы Бозой ауылы	орнына салынады	ФАП	1

9	Жамбыл ауданы Жайсан ауылы	орнына салынады	ДА	1
10	Жамбыл ауданы Көкдала ауылы	жана	МП	1
11	Жамбыл ауданы Ақтерек ауылы	орнына салынады	ДА	1
12	Жамбыл ауданы Сұңқар ауылы	жана	МП	1
13	Жамбыл ауданы Қопа ауылы	жана	МП	1
14	Жамбыл ауданы Саурық батыр ауылы (Көкөзек)	жана	ФАП	1
15	Жамбыл ауданы Қызыл әскер ауылы	жана	МП	1
16	Жамбыл ауданы Сұраншы батыр ауылы (Талап)	жана	ДА	1
17	Жамбыл ауданы Үлкен ауылы	жана	ДА	1
18	Жамбыл ауданы Шилібастау ауылы	жана	МП	1
19	Кеген ауданы Жылысай ауылы	орнына салынады	ДА	1
20	Кеген ауданы Жайдакбұлақ ауылы	жана	МП	1
21	Кеген ауданы Талды ауылы	жана	МП	1
22	Кеген ауданы Құрметті ауылы	жана	МП	1
23	Іле ауданы Көктерек ауылы	орнына салынады	ФАП	1
24	Жамбыл ауданы Еңбекші Арал ауылы	орнына салынады	ДА	1
25	Балқаш ауданы Миялты ауылы	орнына салынады	ФАП	1
26	Іле ауданы Еңбек ауылы	орнына салынады	ФАП	1
27	Қарасай ауданы Қаратөбе ауылы	жана	ФАП	1
28	Балқаш ауданы Бура ауылы	жана	МП	1
29	Ұйғыр ауданы Дардамты ауылы	орнына салынады	ФАП	1
30	Іле ауданы Береке бау-бақша серіктестіктерінің	жана		1

	өндірістік кооперативі		ДА	
31	Жамбыл ауданы Қарасай ауылы	орнына салынады	МП	1
32	Жамбыл ауданы Шиен ауылы	жана	ДА	1
33	Кеген ауданы Қарабұлақ ауылы	жана	ФАП	1
34	Кеген ауданы Жаңаталап ауылы	жана	МП	1
35	Іле ауданы Кеккайнар-2 ауылы	жана	ДА	1
36	Ұйғыр ауданы Шырын ауылы	орнына салынады	ФАП	1
37	Ұйғыр ауданы Тиірмен ауылы	орнына салынады	ДА	1
38	Іле ауданы Жана арна ауылы	орнына салынады	ФАП	1
4. Атырау облысы	18			
1	Құрманғазы ауданы Алтыншы ауылы	жана	МП	1
2	Құрманғазы ауданы Шағырлы ауылы	жана	МП	1
3	Құрманғазы ауданы Жасталап ауылы	орнына салынады	МП	1
4	Құрманғазы ауданы Батырбек ауылы	орнына салынады	МП	1
5	Махамбет ауданы Талдықөл ауылы	орнына салынады	ФАП	1
6	Индер ауданы Есбол ауылы	орнына салынады	ДА	1
7	Исатай ауданы Жасқайрат ауылы	орнына салынады	МП	1
8	Құрманғазы ауданы Афанасьев ауылы	орнына салынады	МП	1
9	Құрманғазы ауданы Жамбыл ауылы	орнына салынады	ФАП	1
10	Құрманғазы ауданы F. Әліпов ауылы	орнына салынады	ФАП	1
11	Құрманғазы ауданы Кудряшов ауылы	орнына салынады	ФАП	1
12	Құрманғазы ауданы Арна ауылы	орнына салынады	ФАП	1
13	Құрманғазы ауданы Көптогай ауылы	орнына салынады	ФАП	1
14	Құрманғазы ауданы Азғыр ауылы	орнына салынады	МП	1

15	Құрманғазы ауданы Қоңытерек ауылы	орнына салынады	МП	1
16	Құрманғазы ауданы Жалғызапан ауылы	орнына салынады	МП	1
17	Құрманғазы ауданы Жамансор ауылы	орнына салынады	МП	1
18	Құрманғазы ауданы Жантек ауылы	орнына салынады	МП	1

5. Шығыс Қазақстан облысы

36

1	Ұлан ауданы Отрадное ауылы	жана	МП	1
2	Ұлан ауданы Макеевка ауылы	жана	МП	1
3	Ұлан ауданы Желдіөзек ауылы	жана	МП	1
4	Ұлан ауданы Казачье ауылы	жана	МП	1
5	Ұлан ауданы Сарыөзек ауылы	жана	МП	1
6	Глубокое ауданы Верх-Березовка кенті	орнына салынады	ДА	1
7	Глубокое ауданы Прапорщиково ауылы	орнына салынады	ДА	1
8	Глубокое ауданы Белокаменка ауылы	жана	МП	1
9	Шемонаиха ауданы Межовка ауылы	жана	МП	1
10	Күршім ауданы Аманат ауылы	орнына салынады	МП	1
11	Күршім ауданы Жолнұсқау ауылы	орнына салынады	МП	1
12	Күршім ауданы Ақжайлау ауылы	орнына салынады	МП	1
13	Күршім ауданы Урунхайка ауылы	орнына салынады	МП	1
14	Күршім ауданы Маралды ауылы	орнына салынады	МП	1
15	Тарбагатай ауданы Ақмектеп ауылы	орнына салынады	МП	1
16	Тарбагатай ауданы Ахметбұлақ ауылы	орнына салынады	МП	1
17	Тарбагатай ауданы Қазақстан ауылы	орнына салынады	МП	1

18	Тарбагатай ауданы Шолакорда ауылы	орнына салынады	МП	1
19	Тарбагатай ауданы Жаңаталап ауылы	орнына салынады	МП	1
20	Тарбагатай ауданы Шорға ауылы	жана	МП	1
21	Ұлан ауданы Тройницкое ауылы	жана	МП	1
22	Глубокое ауданы Секисовка ауылы	орнына салынады	ДА	1
23	Глубокое ауданы Бобровка ауылы	орнына салынады	ДА	1
24	Глубокое ауданы Уварово ауылы	жана	ФАП	1
25	Алтай қ. Тұргысын ауылы	жана	ДА	1
26	Алтай қ. Феклистовка ауылы	орнына салынады	МП	1
27	Алтай қ. Октябрьск кенті	орнына салынады	ДА	1
28	Шемонаиха ауданы Волчанка ауылы	орнына салынады	ДА	1
29	Қатонқарағай ауданы Майемер ауылы	жана	МП	1
30	Қатонқарағай ауданы Барлық ауылы	орнына салынады	МП	1
31	Зайсан ауданы Жаңа түрмис ауылы	орнына салынады	МП	1
32	Зайсан ауданы Саржыра ауылы	жана	МП	1
33	Зайсан ауданы Жарсуз ауылы	жана	ФАП	1
34	Тарбагатай ауданы Жамбыл ауылы	орнына салынады	МП	1
35	Тарбагатай ауданы Асусай ауылы	орнына салынады	МП	1
36	Тарбагатай ауданы Байтогас ауылы	орнына салынады	МП	1
6. Жамбыл облысы	30			
1	Байзак ауданы Дикан ауылы	орнына салынады	ДА	1
2	Байзак ауданы Жетібай ауылы	орнына салынады	ДА	1
3	Байзак ауданы Базарбай ауылы	орнына салынады	ФАП	1

4	Жамбыл ауданы Жаңаөткел ауылы	орнына салынады	МП	1
5	Жуалы ауданы Теріс ауылы	жана	ФАП	1
6	Жуалы ауданы Сұрым ауылы	орнына салынады	МП	1
7	Жуалы ауданы Жылыбұлақ ауылы	орнына салынады	МП	1
8	Қордай ауданы Аңырақай ауылы	жана	МП	1
9	Меркі ауданы Ақкөз-Қайнар ауылы	жана	МП	1
10	Сарысу ауданы Жайлайық ауылы	орнына салынады	ДА	1
11	Т. Рысқұлов ауданы Қорагаты станциясы	жана	ФАП	1
12	Шу ауданы Жиделі ауылы	жана	МП	1
13	Байзак ауданы Қызыл жұлдыз ауылы	орнына салынады	ДА	1
14	Байзак ауданы Дикан ауылы	орнына салынады	ФАП	1
15	Байзак ауданы Тегістік ауылы	орнына салынады	ФАП	1
16	Жамбыл ауданы Қостөбе ауылы	орнына салынады	МП	1
17	Жамбыл ауданы Қаратая ауылы	орнына салынады	ФАП	1
18	Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылы	орнына салынады	МП	1
19	Жуалы ауданы Шыңбұлақ ауылы	орнына салынады	МП	1
20	Жуалы ауданы Ынтымақ ауылы	орнына салынады	МП	1
21	Жуалы ауданы Қарабастау ауылы	орнына салынады	ФАП	1
22	Жуалы ауданы Талапты ауылы	орнына салынады	МП	1
23	Жуалы ауданы Тасбастау ауылы	орнына салынады	ФАП	1
24	Қордай ауданы Үлкен Сұлуторы ауылы	орнына салынады	ДА	1
25	Меркі ауданы Аспара ауылы	орнына салынады	ДА	1

26	Меркі ауданы Т. Рысқұлов ауылы	орнына салынады	ФАП	1
27	Мойынқұм ауданы Сарыөзек ауылы	орнына салынады	МП	1
28	Т. Рысқұлов ауданы Р. Сәбденов ауылы	орнына салынады	ФАП	1
29	Т. Рысқұлов ауданы Қайыңды ауылы	орнына салынады	ФАП	1
30	Талас ауданы Аккөл ауылы	орнына салынады	ДА	1
7. Батыс Қазақстан облысы	50			
1	Бекей ордасы ауданы Мұратсай ауылы	орнына салынады	ФАП	1
2	Бөрлі ауданы Аралтал ауылы	орнына салынады	ДА	1
3	Жаңакала ауданы Қызылоба ауылы	орнына салынады	ФАП	1
4	Жаңакала ауданы Мәштексай ауылы	орнына салынады	ДА	1
5	Жәнібек ауданы Жақсыбай ауылы	орнына салынады	ФАП	1
6	Жәнібек ауданы Қамысты ауылы	орнына салынады	ФАП	1
7	Бәйтерек ауданы Асан ауылы	орнына салынады	ДА	1
8	Бәйтерек ауданы Новенький ауылы	орнына салынады	ФАП	1
9	Казталов ауданы Қараөзен ауылы	орнына салынады	ФАП	1
10	Сырым ауданы Өлеңті ауылы	орнына салынады	ФАП	1
11	Сырым ауданы Бұлдырты ауылы	орнына салынады	ДА	1
12	Теректі ауданы Барбастау ауылы (Лесопитомник)	орнына салынады	ФАП	1
13	Теректі ауданы Сарыөмір ауылы	орнына салынады	ДА	1
14	Казталов ауданы Бостандық ауылы	орнына салынады	ДА	1
15	Ақжайық ауданы Базартөбе ауылы	орнына салынады	ДА	1
16	Ақжайық ауданы Сайқұдық ауылы	орнына салынады	ФАП	1

17	Бөрлі ауданы Жаңақоныс ауылы	орнына салынады	МП	1
18	Бөрлі ауданы Аксу ауылы	орнына салынады	МП	1
19	Бөрлі ауданы Қарағанды ауылы (Кирово)	орнына салынады	ФАП	1
20	Бөрлі ауданы Облавка ауылы	орнына салынады	МП	1
21	Жаңақала ауданы Кіші Айдархан ауылы	орнына салынады	МП	1
22	Қаратөбе ауданы Үшагаш ауылы	орнына салынады	МП	1
23	Шыңғырау ауданы Аксаут ауылы	орнына салынады	МП	1
24	Шыңғырау ауданы Аңысай ауылы	орнына салынады	ФАП	1
25	Ақжайық ауданы Битілеу ауылы	орнына салынады	МП	1
26	Бөрлі ауданы Ақбұлақ ауылы	орнына салынады	ФАП	1
27	Бөрлі ауданы Қарақұдық ауылы (Тихоновка)	орнына салынады	МП	1
28	Жәнібек ауданы Борсы ауылы	орнына салынады	МП	1
29	Бәйтерек ауданы Өркен ауылы (Степной)	орнына салынады	МП	1
30	Бәйтерек ауданы Жайық ауылы	жаңа	МП	1
31	Сырым ауданы Шағырлық ауылы	орнына салынады	ФАП	1
32	Бәйтерек ауданы Новенький ауылы	орнына салынады	ФАП	1
33	Бәйтерек ауданы Красноармейский ауылы	жаңа	МП	1
34	Бәйтерек ауданы Скворкино ауылы	орнына салынады	МП	1
35	Бәйтерек ауданы Садовое ауылы	орнына салынады	ФАП	1
36	Тасқала ауданы Бірлік ауылы (Кузнецово)	орнына салынады	МП	1
37	Теректі ауданы Долин ауылы	орнына салынады	ФАП	1

38	Теректі ауданы Үлкен еңбек ауылы	орнына салынады	МП	1
39	Жаңақала ауданы Бірлік ауылы	орнына салынады	ДА	1
40	Жаңақала ауданы Қырқопа ауылы	орнына салынады	ФАП	1
41	Бәйтерек ауданы Озерный ауылы	орнына салынады	МП	1
42	Бәйтерек ауданы Зеленое ауылы	орнына салынады	МП	1
43	Ақжайық ауданы Көнеккеткен ауылы	орнына салынады	ФАП	1
44	Ақжайық ауданы Аксуат ауылы	орнына салынады	ФАП	1
45	Ақжайық ауданы Жаңабұлақ ауылы	орнына салынады	ФАП	1
46	Ақжайық ауданы Базаршолан ауылы	орнына салынады	ФАП	1
47	Ақжайық ауданы Алмалы ауылы	орнына салынады	ДА	1
48	Бәйтерек ауданы Қаражар ауылы	орнына салынады	МП	1
49	Бәйтерек ауданы Янайкино ауылы	орнына салынады	ДА	1
50	Бәйтерек ауданы Железнов ауылы	орнына салынады	ДА	1

8. Қарағанды облысы	92			
1	Актоғай ауданы Ақжарық ауылы (орнына салынады Қызыларай)	ФАП	1	
2	Бұқар жырау ауданы Қарақұдық ауылы	жана	ФАП	1
3	Бұқар жырау ауданы Новоузенка ауылы	жана	ФАП	1
